



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС. ЖАҢАНДЫҚ НАРЫҚТАҒЫ БӘСЕКЕ

Саясат, экономика және құқық
жүйелеріндегі ұлттық ерекшеліктер

2-тарау. Ұлттық ерекшеліктер және халықаралық бизнес



Кіріспе кейс. Зимбабведегі құлдырау

1980 жылы Зимбабве Оңтүстік Африка мемлекеті Ұлыбританиядан тәуелсіздік алды. Сол уақытта Танзанияның соңғы президенті Джулиус Ньерере Зимбабвені «Африканың інжу-маржаны» деп сипаттаған еді. Бұл экономикасы мықты, табиғи ресурстарға бай және аграрлық секторы өркендеген ел болатын. Тәуелсіздік процесі барысында британдардың демократиялық саяси институттары Зимбабвеге мұраға қалды. Зимбабвенің тәуелсіздікке жету жолы қиынға түсті. 1965 жылы Родезия деп аталатын ақнәсілді билеушілер бастама көтеріп, Ұлыбританиядан өз бетінше тәуелсіздік жариялап, қаранәсілді адамдарды биліктен аластатқан апартеид мемлекет құрды. Британ үкіметі елді халықтың басқарғанын қалады, сондықтан тәуелсіздікті заңсыз деп танып, Родезияға санкция салды. Басқа елдер де, оның ішінде Америка Құрама Штаттары да, Ұлыбритания саясатын қайталады. Родезияның ақнәсілді үкіметіне қарсы соғысып жатқан екі партизандық қозғалыс қарулы қақтығысты тоқтатпады. Осы партизандық қозғалыстардың бірі – Зимбабвенің Африкалық ұлттық одағын (ZANU) Роберт Мугабе басқарды, ол өзін және өзі бастаған қозғалысты коммунизмнің маоистік нұсқасына балады. Халықаралық санкциялар мен партизан топтар шабуылының жиілеуінен Родезияның ақнәсілді азшылықтары көтерілісті тоқтатуға мәжбүр болды. 1979 жылы Родезия Ұлыбритания отары мәртебесіне қайта оралды. Келесі жылы Зимбабве заңды тәуелсіздікке қол жеткізді. Роберт Мугабе елдің бірінші премьер-министрі болып сайланды. 2017 жылдың қарашасына дейін Мугабе билік басынан кеткен жоқ. Оның ZANU-PF партиясы тәуелсіздік алғаннан кейінгі барлық сайлауларда жеңіске жетіп отырды. Негізінен, Мугабе өзінің салтанатты билігін президент орынтағын ұстап тұруға әрі саяси қарсыластарын уысынан шығармауға жүйелі түрде пайдаланды.

Ол 2013 жылы жалпы сайлауда қайта сайланды, бірақ Мугабе дәуірінде өткен басқа сайлаулар сияқты ол да бұрмаланған деп танылды. Ел жаппай жемқорлықтан зардап шегуде. Transparency International сыбайлас жемқорлықты бақылаушы ұйымы жақында Зимбабвені әлемдегі ең жемқор елдердің қатарына қосты. Соңғы жылдары Зимбабведегі экономикалық көрсеткіштер әлемдегі ең нашар көрсеткіштер қатарынан түспей келеді. Экономикада 1980 және 1990 жылдары экономикалық өсу қарқыны сақталғанына қарамастан, 2000 жылдан бері бұл жағдай нашарлады.

1999 және 2009 жылдар аралығында Зимбабведе экономикалық өсу қарқыны ең төменгі деңгейге түсті, жылдық ЖІӨ төмендеуі 6,1%-ға теңесті. Мугабе жерді «қарқынды» реформалау бағдарламасын іске қосқаннан кейін экономика деңгейі құлдырай бастады. Осы реформаның нәтижесінде ақнәсілді фермерлерге тиесілі жерлерді өтемақысыз басып алуға рұқсат берілді. Сол кезде ақнәсілді фермерлер өте жақсы дамыған аграрлық сектордың өзегі болатын. Жер ауылшаруашылығын жүргізудің заманауи әдіс-тәсілдерінен бейхабар, тіпті ауылшаруашылығымен мүлде айналыспаған ZANU-PF партиясының мүшелеріне және Мугабенің басқа да жақтастарына үлестірілді.

Жер реформасы бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде ауылшаруашылығы өнімділігі төмендеді. Қазіргі кезде ел – азық-түлікті нетто-импорттаушы мемлекет. Жеке кәсіпорындар өндіретін ірі платина және алмас кеніштеріне бай елдің тау-кен саласының азды-көпті кірісі бар, бірақ лицензиялаудан түсетін мемлекетке тиесілі барлық кірісті әскери офицерлер мен ZANU-PF саясаткерлері өз қалтасына басып отыр. Жеке кәсіпкерлікке белгіленген салық пен тариф мөлшері өте жоғары, бұл жеке кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтірсе, керісінше, мемлекеттік кәсіпорындарға қомақты субсидия берілді. Зимбабвенің тұмса табиғаты орманның жаппай кесілуінен және браконьерлер келтірген залалдан зардап шекті, кезінде табысы мол болған туризм саласы күйреді. Экономикалық белсенділіктің нашарлауынан елдегі ресми жұмыссыздық деңгейі 80%-ға жетті.

Жұқтырылған иммун тапшылығының синдромы (ЖИТС) эпидемиясы Зимбабвені ойран қылды, 1998 жылы халықтың 40%-ы осы қатерлі дерттің инфекциясымен сырқаттанған еді. ЖИТС пен қоғамдық денсаулық сақтау саласының басқа да мәселелері кесірінен өмір сүру ұзақтығы 1986 жылғы 61,6 жастан 2003 жылы 43,1 жасқа дейін төмендеді. 2014 жылы дерттің таралу деңгейі 15%-ға дейін төмендеп, халықтың өмір сүру ұзақтығы 54 жасқа дейін көтерілді. Салық түсімдері кеми бастағанда, Мугабе үкіметтік бағдарламаларды қаржыландыру үшін ақша



басып шығара бастады. Инфляция лезде бақылаудан шығып, 2008 жылы 231 000 000%-ға жетті. Бұл жайт Орталық банктен 100 триллион Зимбабве доллары нотасын енгізуді талап етті.

2009 жылдың сәуір айында Зимбабве доллары айналымнан алынды. Зимбабве сауда-сатықта басқа валюталардың, атап айтқанда: АҚШ доллары, Оңтүстік Африка рэнді, еуро және британдық фунт қолданысына рұқсат берді. Елдің экономикалық құлдырауына қарамастан, Зимбабвенің табиғи ресурстары мен қоғамдық инфрақұрылымның бай қорларын, салыстырмалы түрде білікті кадрлық ресурстарын ескере келе, Дүниежүзілік банк елді тұрақты экономикалық өсуде зор әлеуетке ие деп санайды. Алайда бұл әлеуетке қол жеткізу үшін басшылық пен саясатта түбегейлі өзгерістер қажет. Мугабе биліктен бас тартпайтынын ашық аңғартты. Дегенмен 2017 жылдың аяғындағы әскери төңкерістен кейін орнынан кетуге мәжбүр болды.

Халықаралық бизнес ішкі бизнеске қарағанда әлдеқайда күрделірек, өйткені мемлекеттер бір-біріне ұқсамайды. Әр мемлекеттің саяси, экономикалық және заң жүйелері әркелкі. Олар экономикалық даму деңгейі және экономикалық дамудың болашақ бағыты бойынша да сан алуан. Елдің мәдени дәстүрі, халықтың білім деңгейі мен дағдыларында да әжептәуір айырмашылық бар. Аталған өзгешеліктердің барлығы халықаралық бизнес тәжірибесіне тікелей әсер етеді. Олар әр елде бизнес жүргізуге байланысты пайда, шығын мен тәуекелге, түрлі елдердегі операцияларды басқару тәсіліне және әр елде жүргізілетін халықаралық фирмалардың стратегияларына өз ықпалын тигізеді. Осы және келесі екі дәрістің негізгі функциясы мемлекетаралық экономикалық даму мен әлеуметтік мәдениет, саяси, экономикалық, сондай-ақ құқық жүйесіндегі айырмашылықтар туралы түсінікті кеңейту мен олардың маңыздылығын бағалауды жетілдіруге арналады.

Кіріспе кейс осы дәрісте талқыланатын кейбір мәселелерді қамтиды. 1980 жылы Зимбабве Британиядан тәуелсіздігін алды. Британдықтар демократиялық институттарды өзімен әкеткен жоқ, десек те саяси еркіндікті шектейтін бірпартиялы мемлекет қалыптасып, оны 37 жыл бойы бір адам – Роберт Мугабе басқарды. Оның билігі гүлденген экономиканы күйретті. Меншік құқығы бұзылды; сыбайлас жемқорлық өрши түсті; салық, сыбайлас жемқорлық және қаптаған ережелердің кесірінен жеке кәсіпкерліктің дамуы кідірді; инфляцияны уысынан шығарып алды; қазіргі таңда халықтың 80%-дан астамы жұмыссыз; өмір сүру ұзақтығы қысқарды. Нашар экономикалық саясат зор әлеуеті бар мемлекетті халықаралық бизнес үшін тартымсыз экономикаға айналдырды. Қалай десек те, Зимбабве мысалы елді қалай басқармау керектігін көрсетті. Айта кететін жайт – экономикалық саясатты өзгерту арқылы елдің негізгі әл-ауқатын әлі де жандандыруға болады.

Саяси жүйелер

Елдің саяси жүйесі сол елдің экономикалық және құқық жүйелерін қалыптастырады. Сондықтан да экономикалық және құқық жүйелерін талқылаудан бұрын, түрлі саяси жүйелердің сипатын түсінуге тиіспіз. Бұл жердегі саяси жүйе ұғымы ұлтты басқару жүйесін білдіреді. Оларды екі өлшемге сәйкес бағалауға болады. Біріншіден, бұл – олардың даралықты емес, ұжымшылдықты сипаттау деңгейі. Екіншіден, ол – елдегі демократия немесе тоталитаризм деңгейі. Бұл өлшемдер өзара байланысты; ұжымшылдыққа бейім жүйелер тоталитаризмге бейімделуге ыңғай танытады, ал даралыққа үлкен мән беретіндердің демократияшыл болу процесі басымырақ. Сөйте тұра, қақ ортасында екеуіне де жатпайтын бейтарап аумақ бар. Ұжымшылдық пен дарашылдық ұштасқан демократиялық қоғам болуы да мүмкін. Тап сол сияқты, ұжымшыл емес тоталитарлық қоғамдар да қалыптасуы ықтимал.

Ұжымшылдық және дарашылдық

Ұжымшылдық – жеке мақсат-міндеттерден гөрі ұжымдық мақсат-міндеттерге баса көңіл бөлетін саяси жүйе. Ұжымшылдыққа назар аударғанда, қоғамның барлық қажеттіліктері жеке адамның бостандығынан маңыздырақ деп қарастырылады. Мұндай жағдайда адамның



белгілі бір іс-әрекет жасау құқығы «қоғам игілігіне» немесе «ортақ игілікке» қайшы деген негізде шектелуі мүмкін. Ұжымшылдық ежелгі грек философы Платонның еңбектерінде насихатталған. Ол The Republic еңбегінде көпшіліктің игілігі үшін жеке құқықтардың құрбандыққа шалынуын қолдап, дүние-мүліктің жұртшылықтың бәріне ортақ болуға тиістігі туралы өз тұжырымын айтады. Платон ұжымшылдықты теңдікпен қатар қоймайды; оның пайымдауынша, басқару үшін қоғам таптарға бөлінуі керек, сонда үздіктері баршаның игілігі үшін қоғамды басқаруға лайық болады. Заманауи дәуірде ұжымшылдық эстафетасын социалистер жалғастырды.

Социализм

Социалистік ойлаудың Маркске дейін-ақ пайда болғанына қарамастан, заманауи социалистер өздерінің зияткерлік тамырын Карл Маркстен таратады. Ол жекелеген адамның бостандығына қиянат жасамайтын капиталистік қоғамда көпшілік есебінен пайда табу мардымсыз деп санаған. Маркс табысты капиталистер мол дәулет жинап отырған уақытта капиталистік қоғамдағы жұмысшылардың басым көпшілігі алатын еңбекақы ең төменгі күнкөріске ғана жететінін атап көрсеткен. Оның тұжырымдауынша, капиталистер жұмысшыларға тек еңбектің ақысы түрінде аз ғана жалақы төлеп, олар жасап отырған құндылықтарды жеке пайдалануы үшін экспроприациялайды. Маркстің пайымдауына сәйкес, жұмысшылардың жалақысы олардың еңбегінің толық құнын көрсетпейді. Осы олқылықты түзету үшін ол негізгі өндірістік құралдар, оларды бөлу және айырбастау мемлекет меншігінде болуын ұсынған. Оның ойынша, мемлекет өндіріс құралдарын өз мойнына алса, онда мемлекет жұмысшылар еңбегінің өтемақысын толықтай қамтамасыз ете алады. Олай болса, мұндағы негізгі идея – мемлекеттік кәсіпорынды жекелеген капиталистердің емес, тұтастай қоғамның мүддесі үшін басқару.

XX ғасырдың басында социалистік идеология екі үлкен лагерьге бөлінді. Коммунистер социализмге тек қанды төңкеріс және тоталитарлық диктатура арқылы ғана қол жеткізуге болады деп топшылады, ал социал-демократтар күш қолданылатын революциядан және диктатурадан бас тартып, социализмге демократиялық жолмен қол жеткізу жауапкершілігін өз мойнына алды. Социализмнің қос нұсқасы да XX ғасырда құлдырап, сөніп бітті.

Дарашылдық

Дарашылдық – адамның экономикалық және саяси көзқарасының еркін болуын білдіретін, ұжымшылдыққа қайшы философия. Ұжымшылдықпен салыстырғанда, дарашылдық жеке адамның мүдделері мемлекет мүдделерінен маңыздырақ екенін баса айтады.

Дарашылдықтың екінші принципі бойынша, адамдар қоғамдық мүддені нұсқап отыратын қандай да бір ұжымдық органның емес, өздерінің экономикалық мүдделерін көздейтін қоғам игілігін арттыруға әлдеқайда жақсырақ көмектеседі. Немесе Адам Смит «The Wealth of Nations» атты атақты еңбегінде: «Өзінің бас пайдасын ойлаған адам өз ойында да болмаған нәтижеге себепші болу үшін көрінбейтін қолмен басқарылады. Мұның қоғамға зияны жоқ. Өзінің жеке мүдделерін сақтай отырып, ол көп жағдайда қоғамды өзі ойлағаннан әлдеқайда тиімді жетілдіреді. Ал автор қоғам игілігі үшін саудаға ықпал еткен игі істер туралы ешқашан естімеген», – деп жазады.

Демократия мен тоталитаризм

Демократия мен тоталитаризм – саяси өлшемнің екі жағында орналасқан басқару формалары. Демократия – үкімет билігі халықтың қолында болатын саяси жүйе; мемлекет сайланған өкілдер арқылы немесе тікелей басқарылады. Тоталитаризм – бір тұлғаның немесе саяси партияның адам өмірінің барлық салаларын тұтас бақылайтын және саяси партиялардың



қарсылығына тыйым салатын басқару формасы. Демократиялық-тоталитарлық өлшемнің дарашылдық пен ұжымшылдыққа қатысы жоқ. Демократия мен дарашылдық ұжымшылдық пен тоталитаризмнің коммунистік нұсқасы сияқты қатар жүреді. Алайда бұл арада бейтарап түсінік бар: ұжымдық құндылықтары басым, бірақ ұжымшылдыққа қарсы шығатын демократиялық мемлекет, сондай-ақ экономика саласында дарашылдықтың белгілі бір деңгейін қолдайтын тоталитарлық мемлекет болуы да мүмкін. Мысалы, Қытай мен Вьетнам экономикасында дарашылдықтың еркін қозғалысы байқалуда, алайда бұл елдерде саяси еркіндікті шектейтін және саяси билікке, монополияға айналған партиялар үстемдік етеді.

Нарықтық экономика

Архетиптік таза нарықтық экономикада барлық өндіріс мемлекет меншігінде емес, жеке меншіктің еншісінде болады. Ел шығаратын тауарлар мен қызметтер көлемін ешкім алдын ала жоспарламайды. Өндіріс сұраныс пен ұсыныстың өзара арақатынасымен анықталады және бағалық жүйе арқылы әрекет етеді. Егер өнімге деген сұраныс ұсыныстан көп болса, онда баға өседі, бұл, өз кезегінде, өндірушілерге тауарды молырақ өндіру керектігін ескертеді. Ал ұсыныс деңгейі сұраныстан көп болса, баға арзандайды, ол өндірушілерге тауардың өндіріс көлемін азайту керектігін білдіреді. Бұл жүйеде тұтынушылар тәуелсіз. Тұтынушылардың сатып алу модельдері баға жүйесінің механизмдері арқылы өндірушілердің нені және қанша өндіруі керек екенін анықтайды.

Нарықтың осылай жұмыс істеуі үшін ұсыныс шектелмеуі керек. Қандай да бір фирма нарықты монополияласа, ұсыныс аясы тарылады. Бұл жағдайда сұраныстың өсуіне жауап ретінде монополист өндіріс деңгейін ұлғайтудың орнына өндіріс көлемін азайтып, бағаны өсіруі мүмкін. Сөйтіп, монополистің әрбір сатылатын бірліктен мол пайда алуына жол ашады. Бұл монополист үшін қолайлы болғанымен, жоғары баға төлеуге мәжбүр тұтынушылар үшін қолайсыз әрі қоғамның әл-ауқатына кері әсерін тигізуі мүмкін. Монополистердің бәсекелестері болмағандықтан, оларда өндірістік шығынды азайту жолдарын іздеуге ынта жоқ. Керісінше, жоғары баға қою арқылы тұтынушы шығынын көбейтуі мүмкін. Нәтижесінде, монополист қымбат және сапасыз тауарды өндіре отырып, барынша тиімсіз өндірушіге айналады, ал одан қоғам зардап шегеді.

Монополия қауіптерін ескерсек, нарықтық экономикадағы мемлекеттің рөлі – жеке өндірушілер арасындағы еркін және әділетті бәсекелестікті ынталандыру. Үкімет бұл шараны нарықты монополияландыруға бағытталған іс-әрекеттерді шектеу және тыйым салу арқылы жүзеге асырады. Сондай-ақ жекеменшік экономикалық тиімділік пен әділеттілікті, күшті бәсекелестікті қолдайды. Жекеменшік кәсіпкердің өз күшімен тапқан пайдасына толық құқығы барына кепіл болады. Бұл кәсіпкерлерді тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында одан ары тиімді жолдар мен тәсілдерді іздеуге ынталандырады. Ол анағұрлым тиімді өндірістік процестерді әзірлеу, маркетинг пен сатудан кейінгі қызмет көрсетуді жетілдіру немесе бәсекелестеріне қарағанда өз бизнесін тиімдірек басқару арқылы жаңа өнімдерді енгізуге байланысты. Өз кезегінде, осындай ынталандырудан туындаған өнім мен процестерді әрдайым жақсарту экономикалық өсу мен дамуға айтарлықтай оң әсерін тигізеді.

Әміршіл экономика

Таза әміршіл экономика жүйесінде мемлекет шығаратын тауарлар мен қызметтерді, олардың өндірілетін көлемі мен сатылатын бағаларын үкімет жоспарлайды. Ұжымшылдық идеологиясына сәйкес, әміршіл экономиканың мақсаты – үкіметтің «қоғам игілігіне» ресурс бөлуі. Сонымен қатар таза әміршіл экономикада барлық кәсіпорындар мемлекет меншігінде болады, бұның негізгі себебі – үкімет жеке кәсіпорындардың мүдделерін ғана емес, тұтастай алғанда, мемлекеттің, ұлттың мүдделерін қанағаттандыратын инвестицияларды реттей алады.



Аралас экономика

Аралас экономика – нарықтық және әміршіл экономика арасындағы ұғым. Аралас экономикада экономиканың кейбір секторлары жекеменшіктің иелігінде болып, еркін нарық механизмінде қызмет атқарады, ал басқа секторлар мемлекеттік меншікте және мемлекеттік жоспармен жүргізіледі. Кезінде әлемнің көптеген мемлекеттерінде аралас экономикалы елдер көп болатын, бірақ қазіргі кезде олардың саны азайып келеді. 1980 жылдарға дейін Ұлыбритания, Франция және Швеция аралас экономикалы елдер санатында болған, бірақ кең көлемді жекешелендіру үш мемлекетте де кәсіпорындардағы мемлекеттік меншіктің азаюына әсер етті. Дәл осындай жағдай мемлекеттік сектордың үлесі жоғары болған Бразилия, Италия және Үндістан сияқты кейбір елдерде байқалды.

Құқық жүйесі

Елдің құқық жүйесі ел заңдары мүлтіксіз орындалатын және сол арқылы шағымдарды қанағаттандыратын мінез-құлық пен процестерді реттейтін ережелерге немесе заңдарға сүйенеді. Халықаралық бизнесте елдің құқық жүйесінің рөлі орасан зор. Ел заңдары іскерлік практиканы реттейді, бизнес-операцияларды жүзеге асыру тәсілдерін айқындайды және іскерлік операцияларға қатысатындардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді. Елдердің құқықтық ортасының бір-бірінен айырмашылығы жер мен көктей. Бұдан ары қарай құқық жүйелеріндегі айырмашылықтардың елдің инвестициялық және нарықтық тартымдылығына қалай әсер ететінін талдаймыз.

Елдің экономикалық жүйесі сияқты, құқық жүйесіне де елдегі негізгі саяси жүйе әсер етеді. Ел үкіметі фирмалар бизнесін жүзеге асыратын құқықтық шегараларды айқындайды және бизнесті реттейтін заң билеушілердің саяси идеологиясының басымдығын бейнелейді. Мысалы, ұжымшыл бағыттағы тоталитарлық мемлекеттер жеке кәсіпкерлікті қатаң шектейтін заңдарды қабылдауға бейім, ал дарашылдықты негізгі саяси философия ретінде таңдаған демократиялық мемлекеттердің үкіметтері қабылдаған заңдар, әдетте, жеке кәсіпорындар мен тұтынушылар мүдделеріне жақын болады.

Әртүрлі құқық жүйелері

Әлемнің түкпір-түкпірінде қолданылатын құқық жүйелерінің немесе құқықтық дәстүрлердің негізгі үш түрі бар: жалпы құқық, азаматтық құқық және теократиялық заң.

Жалпы құқық

Жалпы заң жүйесі Англияда жүздеген жылдар бойы дамыды. Қазір ол Ұлыбританияның отары болған бірқатар елдерде, оның ішінде Америка Құрама Штаттарында да кездеседі. Жалпы құқық – дәстүрге, өнегелі мысалдар мен әдет-ғұрыптарға негізделген заң жүйесі. Дәстүр елдің құқықтық тарихына сүйенеді, ал прецедент өткен жылдардағы соттарда болған жағдайларды негізге алады, әдет-ғұрыптар нақты оқиғаларда заңды қолдану тәсілдерін көрсетеді. Құқықтық соттар, жалпы құқықты түсіндіргенде, осы сипаттамаларды негізге алады. Бұл жалпы құқық жүйесінің басқа жүйелерде жетіспейтін икемділігін аңғартады. Жалпы құқық жүйесіндегі сот заңды өз ыңғайына бейімдей алады, яғни белгілі бір оқиғаның бірегей жағдайларында қолдануға болады. Өз кезегінде, әрбір жаңа түсіндірме болашақ жағдайларда қолданылуы мүмкін прецедентті қалыптастырады. Жаңа прецеденттер пайда болуына қарай, заңның өзгертілуі, нақтылануы немесе жаңа ахуалдарды шешу үшін оларға өзгерістер енгізілуі мүмкін.



Азаматтық құқық

Азаматтық құқық жүйесі кодекстерде ұйымдасқан заңдардың толық жиынтығына негізделеді. Сот инстанциялары азаматтық құқықты түсіндіргенде, осы кодекстерге сүйенеді. Германия, Франция, Жапония және Ресейді қоса алғанда, 80-нен астам ел азаматтық құқық жүйесін қолданады. Жалпы құқық жүйесіне қарағанда, азаматтық құқық жүйесінде бақтастық азырақ, өйткені сот дәстүр, прецедент пен әдет-ғұрыптарды түсіндіруге емес, нақты заң кодекстеріне сүйенеді. Азаматтық құқық жүйесіндегі соттың жалпы құқық жүйесіндегі сотқа қарағанда икемділігі төмендеу. Жалпы құқық жүйесіндегі сот заңды түсіндіруге құқылы, ал азаматтық құқық жүйесіндегі сот заңды қолдануға құқылы.

Теократиялық заң

Теократиялық заң жүйесі – бұл діни ілімдерге негізделген заң жүйесі. Ислам заңдары – заманауи әлемде кеңінен қолданылатын теократиялық құқық жүйесі, десе де XX ғасырда индуистік және еврейлік заңдар да қолданылғаны белгілі. Ислам заңы коммерциялық заң емес, ол – өмірдің барлық аспектілерін басқаруға арналған моральдық заң.

Контрактілік құқықтың айырмашылықтары. Жалпы құқық пен азаматтық құқық жүйелерінің арасындағы айырмашылықты олардың контрактіге қатысты әдістерінен көруге болады. Контракт – айырбастау шарттарын анықтайтын және тараптардың құқықтары мен міндеттері көрсетілетін құжат. Контрактілердің кейбір формалары көптеген бизнес-операцияларды реттейді. Контрактілік құқық – бұл контрактілердің орындалуын реттейтін заңдар жиынтығы. Келісімшарт жасасқан тараптар, әдетте, бір тараптың екіншісі келісімшартта жазылған шартты немесе мазмұнды бұзды деп санаған кезде шарттық құқыққа жүгінеді.

Меншік құқықтары және сыбайлас жемқорлық

Заң тұрғысынан меншік термині жеке немесе заңды тұлға иелік ететін ресурсқа, яғни оның меншігіндегі ресурсқа қатысты. Ресурстарға жер, ғимараттар, жабдықтар, капитал, пайдалы қазбаларға құқықтар, кәсіпорындар мен зияткерлік меншік жатады. Меншік құқықтары – ресурстарды қолдану және осы ресурстардан түсуі мүмкін кез келген кірісті пайдалануға қатысты заңды құқықтар жиынтығы. Елдердің құқық жүйелері меншік құқықтарын айқындау және қорғау дәрежелері бойынша ерекшеленеді.

Зияткерлік меншікті қорғау

Зияткерлік меншік – компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету, сценарий, ноталық жазбалар немесе жаңа препараттың химиялық формуласы сияқты зияткерлік қызметтің өніміне жататын меншік түрі. Патенттер, авторлық құқықтар және тауарлық белгілер зияткерлік меншік құқығын белгілейді. Патент жаңа өнімді немесе тың процесті ойлап тапқан адамға осы өнімді дайындау, пайдалану немесе сатуға белгілі бір мерзімге айрықша құқық береді. Авторлық құқық – авторлар, композиторлар, драматургтар, суретшілер мен баспагерлерге өз еңбектерін жариялауға және таратуға берілетін айрықша заңды құқықтар. Тауарлық белгілер – бұл ресми тіркелген үлгілер мен атаулар. Сол арқылы сатушылар немесе өндірушілер өздерінің өнімдерін белгілейді және саралайды. XXI ғасырдың жоғары технологиялы «ақылды» экономикасында зияткерлік меншік бизнес үшін барынша маңызды экономикалық құндылыққа айналды. Зияткерлік меншікті қорғау уақыт өткен сайын қиындап барады. Әсіресе цифрлық формада жасалған және одан кейін көшірмесі түсірілетін қарақшылық DVD дискілер интернет арқылы өте арзан бағамен таратылуда.



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке
Тарау: 2. Ұлттық ерекшеліктер және халықаралық бизнес
Дәріс: 2. Саясат, экономика және құқық жүйелеріндегі ұлттық ерекшеліктер

Бұл дәрісте елдердің саяси, экономикалық және құқық жүйелерінің қалай өзгеретіні қарастырылған. Елдегі бизнесті жүргізудің әлеуетті пайдасы, шығындары мен тәуекелдері оның саяси, экономикалық және құқық жүйелеріне тәуелді. Дәрісті мынадай тұжырыммен қорытындылаймыз:

1. Саяси жүйелерді екі өлшемге сәйкес бағалауға болады: елде дарашылдыққа қарағанда, ұжымшылдыққа көбірек көңіл бөлу және елдің демократиялық немесе тоталитарлық деңгейі.

2. Ұжымшылдық – қоғам қажеттіліктерін жеке адамның қажеттіліктерінен жоғары қоятын идеология. Ол мемлекеттің экономикалық қызметке араласуын насихаттайды, ал коммунизм жағдайында тоталитарлық диктатураға айналдырады.

3. Дарашылдық – адамның саяси, экономикалық және мәдени салалардағы еркіндігін қолдайтын идеология. Дарашылдық демократиялық идеялар мен еркін нарықтық экономиканы насихаттайды.

4. Демократия мен тоталитаризм саяси спектрдің қарама-қарсы жақтарында орналасқан. Өкілдік демократияда азаматтар өз көзқарастарын қорғайтын өкілдерді мерзіммен сайлап отырады, ал конституция саяси еркіндікке кепіл болады. Тоталитарлық мемлекетте саяси билік партиялар, топтар немесе жеке тұлғалар тарапынан монополияланады және негізгі саяси бостандықтары мемлекет азаматтарына қызмет етпейді.

5. Экономикалық жүйенің негізгі үш түрі бар: нарықтық, әміршіл және аралас экономика. Нарықтық экономикада баға бақыланбайды, ал жекеменшік басым болады. Әміршіл экономикада бағаны орталық жоспарлаушылар белгілейді, өндіріс активтері мемлекет еншісінде, ал жекеменшікке тыйым салынады. Аралас экономикада нарықтық экономика мен әміршіл экономиканың элементтері үйлестірілген.